

## Ақтөбе қаласының бас жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 мамырдағы N 350 Қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 19-бабына сәйкес және Ақтөбе облысының әкімшілік орталығы - Ақтөбе қаласын кешенді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облыстық мәслихаты мақұлдаған Ақтөбе қаласының бас жоспарының жобасы бекітілсін.

2. "Ақтөбе қаласын дамытудың бас жоспары, оның қаламаңы аймағын жоспарлау туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1979 жылғы 5 қазандағы N 379 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2

м а м ы р д а ғ ы

N

3 5 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ Негізгі ережелер

Жобалау	мерзімі	мен	кезеңдері
Бастапқы	мерзімі	-	2003 жыл
Есепті	мерзімі	-	2015 жыл
Құрылыстың	1-кезеңі	-	2003-2008 жылдар
Құрылыстың 2-кезеңі - 2009-2015 жылдар			

### 1. ҚАЛАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

#### 1.1. Тұрғындар

Ақтөбе қаласының тұрғындар саны 2003 жылдың басында 276,7 мың адамды құрады, оның ішінде:

Ақтөбе қаласының өзінің тұрғындары - 247,0 мың адам,  
қалалық әкімдіктің ауылдық жерлерінің тұрғындары - 29,7 мың адам.

Осы бас жоспар бойынша 2008 жылға дейін тұрғындар саны 11,5 мың адам құрайтын Новый және Қарғалы кенттерінің елді мекендерін Ақтөбе қаласының құрамына енгізу көзделіп отыр.

Осыған байланысты есептерді қысқарту үшін бастапқы жылғы тұрғындар саны (247 + 11,3) = 258,5 мың адамға тең деп қабылданды.

Келешекте қала тұрғындарының саны мыналарды құрайды:

2008 жылдың аяғында - 275 - 300 мың адам;

2015 жылдың аяғында - 300 - 330 мың адам.

## **1.2. Өнеркәсіп**

2003 жылдың басында қалада 211, оның ішінде 46 орташа және ірі өнеркәсіп орны жұмыс істеді. Қаланың ірі кәсіпорындары: ферроқорытпа зауыты, Ақтөбе хром қосылыстары зауыты (АХҚЗ), Ақтөберентген, тамақ өнеркәсібінің бірқатар кәсіпорындары.

2002 жылы 44,5 млрд. теңге сомаға оның ішінде ірі және орташа кәсіпорындар 42,05 млрд. теңге сомаға өнеркәсіп өнімдері шығарылды.

2008 жылы қала өнеркәсібі өнімдерінің жалпы жылдық көлемі 2002 жылмен салыстырғанда 2008 жылға қарай 1,5 есе, 2015 жылға қарай 2,65 есе өседі және тиісінше 68 және 118 млрд. теңгені құрайды.

Келешекте тат баспайтын болат зауытының құрылысына байланысты қара металлургияның басымдылық рөлі одан әрі арта түседі.

Тат баспайтын болат және шыныталшық шығару жөніндегі зауыттардан басқа, 2015 жылға дейін саланың ірі және орташа кәсіпорындарын іске қосу жоспарланып отырған жоқ.

## **1.3. Құрылыс-монтаждау ұйымдары**

2002 жылы қала бойынша негізгі капиталға инвестициялар 19,2 млрд. теңгені, соның ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстары 8,5 млрд. теңгені құрады.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының орташа жылдық көлемі кезеңдер бойынша мыналарды құрайды:

1-кезек (2003 - 2008 жылдар) - 10 - 12 млрд. теңге;

2-кезек (2009 - 2015 жылдар) - 20 млрд. теңге.

## **1.4. Сыртқы көлік және байланыс**

### **1. Автомобиль көлігі**

#### **А. Жүк көлігі**

2001 жылы жүк тасымалдау көлемі қала бойынша 509 мың тоннаны құрады. Бұл көрсеткіш 2008 жылға қарай 650 мың тоннаға жуықты құрайды. 2015 жылға дейін экстраполяциялау 800 мың тонна шамасында шама немесе есепті кезеңде 57 %-ға өсім береді.

#### **Б. Жолаушылар көлігі**

Жолаушылар тасымалдау көлемі 2001 жылдан бастап 2010 жылға дейін 12,9-дан

16,4 млн. адамға өседі (27%-ға өсім), ал 2015 жылға қарай шамамен кемінде 20 млн. адамды құрайды.

## **2. Темір жол көлігі**

Саланы жоғары дәрежеде механикаландыруға және автоматтандыруға, сондай-ақ қала шегінде саланың ірі объектілерінің құрылысы жобаларының жоқтығына байланысты қызметкерлер санының өсімі есепті кезеңде 20 %-дан аспайды.

## **3. Байланыс**

Қала тұрғындарына байланыс қызметтерін көрсету көлемі 2001 жылы 530 млн. теңгені құрды. 2008 жылға қарай ол 600 жуықты құрайды, 2010 жылы - 620, ал 2015 жылы - кемінде 650 млн. теңге (есепті кезеңдегі өсім 23 % шамасында).

### **1.5. Ауыл шаруашылығы**

Қаланың келешектегі аумақтық өсімі, оның ішінде қала құрылысы үшін ауыл шаруашылығы алаптарының бір бөлігін алу қалада ауыл шаруашылығының одан әрі дамуына объективті түрде кедергі келтіреді (нақтырақ айтқанда қалада тұратын фермерлер мен жалдамалы жұмысшылар санының артуы). Екінші жағынан, жылыжай-көшетжай шаруашылығын дамыту перспективалы болып табылады.

### **1.6. Ғылым және ғылыми қызмет көрсету**

Саланы дамыту жобалау-конструкторлық, іздестіру, геологиялық-барлау жұмыстарының көлемін ұлғайту және "Әлжан" бизнес-технопаркін (хром орталығы) құру есебінен күтілуде.

### **1.7. Жоғары оқу орындары, колледждер, кәсіптік-техникалық білім беру**

2015 жылға дейін Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ филиалын ашу көзделіп отыр. 8 жаңа колледж салынатын болады. Сол сияқты 13 кәсіптік-техникалық мектеп салу көзделіп отыр.

### **1.8. Шағын кәсіпкерлікті дамыту**

Қалада 2001 жылы шағын бизнес саласында 38 мың адам жұмыс істеді, шағын бизнес субъектілерінің саны 14255 бірлікті құрады. Шағын бизнес саласында жеңіл, тағам өнеркәсібі мен өндірістік инфрақұрылым неғұрлым басым сала болып танылды. Қалалық әкімдіктің болжамы бойынша шағын бизнесте жұмыс істейтіндердің саны 2002 жылмен салыстырғанда 2006 жылы 16 %-ға өседі. 2006 жылы шағын бизнеске салынатын инвестициялар көлемі 800 млн. теңге деңгейіне жетеді.

### **1.9. Қала құрылысына қатысты кадрлар санының серпіні**

Қала құрылысына қатысты кадрлар саны бастапқы жылмен салыстырғанда 2008 жылға қарай 11,4 және 2015 жылға қарай тағы 15,7 мың адамға, оның ішінде өнеркәсіп қызметкерлерінің санының өсуі есебінен тиісінше 3,1 және 9,5, құрылыстың саны 1,6 және 3,6, ғылым мен ғылыми қызмет көрсетулердің саны 1 және 3,5 мың адамға өседі. Қала құрылысына қатысты кадрлардың салалық құрылымында 2015 жылға дейін елеулі өзгерістер болмайды.

Қала құрылысына қатысты қызметкерлердің жиынтық саны кезеңдер бойынша

мыналарды

құрайды :

2003 жылы - 50,13 мың адам ;  
2008 жылы - 61,53 мың адам ;

2015 жылы - 77,48 мың адам.

### 1.10. Тұрғын үй қоры

2003 жылдың басында қаланың тұрғын үй қорының жалпы алаңы 4,48 млн. шаршы метрді құрады, олардың ішінде 31% - шағын қабатты тұрғын үй құрылысы, 7% - шағын қабатты көп пәтерлі үйлер, 42% - орташа қабатты (4 - 5 қабатты) және 20%-ға жуық - көп қабатты (6 және одан да көп қабатты).

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру 1998-2002 жылдары жылына орташа есеппен 65 мың шаршы метрді құрады.

2015 жылға дейін барлығы 2,2 млн. шаршы метр тұрғын үй салу көзделіп отыр, оның ішінде 2008 жылға дейін - 1,03 млн. шаршы метр және II кезекте 2009 - 2015 жылдары - 1,19 млн. шаршы метр. Қосалқы құрылыстары бар үйлер (коттедждер) тұрғын үй құрылысы көлемінің 48%-ын, шағын қабаттылар - 21 %-ын, орташа қабаттылар (4 - 5 қабаттылар) - 19%-ын және көп қабаттылар - (6 және одан да көп қабатты) - 12%-ын құрайды, тозуына, авариялық жай-күйіне және жобалауға орай тұрғын үй қорынан шығарылғандар есепті кезеңде 104 мың шаршы метрді құрайды. Тұрғын үймен қамтамасыз етілу есепті кезеңде 1 адамға шаққанда 17,4-тен 22 шаршы метрге өседі. Шынайы нұсқа бойынша тұрғын үйді іске қосудың орташа жылдық көлемі құрылыстың 1-кезегінде жылына 75 мың шаршы метрді және 2-кезегінде жылына 90 мың шаршы метрді құрайды. Жаңа құрылыс көлемі 2015 жылға дейін 1,08 млн. шаршы метрді құрайды, оның ішінде I кезекте - 0,45 млн. шаршы метр және II кезекте - 0,63 млн. шаршы метр. Тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің құны 200 - 600 АҚШ доллары аралығында болады. Тұрғын үй құрылысы үшін небәрі 55 млрд. теңге, оның ішінде құрылыстың I кезегіне 25 млрд. теңге және II кезегіне 30 млрд.теңге қажет болады. Муниципалды тұрғын үй бюджет қаражатынан 3,5 млрд. теңге, оның ішінде 1-кезекке 2,8 млрд. теңге бөлуді қажет етеді.

#### 1.11. Халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жүйесі

Мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету (МТК) объектілеріндегі қажеттілік пен жаңа құрылыс көлемінің есебі қажеттілігінің есебі екі деңгейде (300 мың адамға және 330 мың адамға) жүргізілді.

Облыстық басқармалармен келісілген және осы жобада ұсынылып отырған қалалық маңызы бар ірі мәдени-тұрмыстық объектілер тізбесі N 1, 2 кестелерде көрсетілген.

**1-кесте. 2015 жылға дейін құрылыс жүргізу белгіленген облыстық басқармалармен келісілген қалалық маңызы бар әлеуметтік мәдени-тұрмыстық (ӘМТ) объектілерінің тізбесі**

				Қуаты
--	--	--	--	-------

№N	Атауы	Мекен-жайы	Өлшем бірлігі	1 - кезек	2 - кезек
1	2	3	4	5	6
<b>I. Мәдениет және өнер</b>					
1	Ломоносов атындағы Орталық кітапхана	жаңа қала	орын		125
2	Қалалық көпшілік кітапхана	ескі қала		125	
3	Зағиптар мәдениет үйі және кітапхана	қалалық сүт зауыты		300	
4	Саңыраулар мәдениет үйі			300	
5	Қалалық Мәдениет үйі	жаңа қала		600	
6	Қалалық тарихи-өлкетану мұражайы	ескі қала	объект	1	
7	Облыстық көрме залы	жаңа қала	объект		1
8	Жастар мәдениет сарайы	Абай атындағы парк	орын		600
	Музыкалық-драма театры	жаңа қала	орын		800
	Жас көрермендер театры (ЖКТ)	ескі қала	орын		500
9	Балалар парк кешені		объект		1
10	Балалар кітапханасы	5-шағын аудан	орын	90	
<b>II. Денсаулық сақтау</b>					
1	Қалалық балалар ауруханасы		кереует-орын	250	
2	Муниципалды аурухана	ескі қала	кереует-орын		250
3	Облыстық диагностикалық орталық	"Батыс" шағын ауданы	ауысымында қабылдау	1000	
4	Медициналық жедел жәрдемнің үлгі станциясы	12-шағын аудан	Автомобиль	30	
5	Облыстық қарсы диспансер туберкулезге	"Батыс" шағын ауданы, Новый кенті	кереует-орын	200	
6	"Чайка" балалар туберкулезі санаторийі	"Чайка" санаторийі	кереует-орын	150	
7	Облыстық орталық перинаталды	"Батыс" шағын ауданы	кереует-орын	400	

8	Дене шынықтыру-сауықтыру орталығы	шағын аудан	ауысымында қабылдау		300
9	Оңалту бөлімшесі бар көп бейінді балалар ауруханасы	"Батыс" шағын ауданы	кереует-орын	250	
10	Кардиологиялық орталық	"Батыс" шағын ауданы, аурухана қалашығы			
	а) стационар		кереует-орын	150	
	б) диспансер		ауысымында қабылдау	200	
	в) оңалту бөлімі		кереует-орын	60	
<b>III. Әлеуметтік қамсыздандыру</b>					
1	Ақыл-есі кем балаларға арналған интернат үйі	Новый кенті	орын	100	
2	Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйінің қосымша корпусы	Новый кенті	орын	100	
3	Мүгедектерге арналған оңалту орталығы	Новый кенті	жылына адам	600	
4	Медициналық-әлеуметтік оңалту орталығы	"Батыс" шағын ауданы	кереует	100	
<b>IV. Білім беру</b>					
1	Қаз ККА Ақтөбе филиалы (кеңейту)	ескі қала	оқушылар өсімі алаң өсімі N 2 оқу корпус-тары	5 0 0 10000	8 0 0 7200
2	Қ. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ Ақтөбе филиалы	11-шағын аудан	оқушылар өсімі	700	100

**2-кесте. Бас жоспар бойынша 2015 жылға дейін құрылысқа ұсынылатын әлеуметтік мәдени-тұрмыстық (ӘМТ) ірі объектілердің тізбесі (келісілген объектілерге қосымша)**

N	Атауы	Мекен-жайы	Өлшем бірлігі	Қуаты	
				1-кезек	2-кезек
1	2	3	4	5	6
1	Сауда орталығы	"Мәскеу" ауданы	мың м <sup>2</sup>	6,5	
2	Сауда орталығы	ескі қала	мың м <sup>2</sup>		11,9

3	Сауда орталығы	"Батыс" шағын ауданы	мың м <sup>2</sup>	2,1	
4	Сауда орталығы	Ипподром	мың м <sup>2</sup>		2,2
5	Сауда орталығы	"Әлжан" технопаркi	мың м <sup>2</sup>		1,0
6	Жабынды базар (ұжымшар базарын қайта құрылымдау)	ескі қала	мың м <sup>2</sup>		82,2
7	Әмбебап базар	41-разъезден оңтүстікке қарай	объект		1
8	Стадион	312-атқыштар дивизиясы	объект		1
9	Ипподром	"Заречный" кентінен шығысқа қарай	объект	1	
10	Спортзал	"Мәскеу" ауданы	объект		1
11	Спортзал	312-атқыштар дивизиясы	объект	1	
12	Спортзал	Абай атындағы парк	объект	1	
13	Спортзал	ескі қала	объект	1	1
14	Спортзал	ипподром	объект		1
15	Спортзал	"Әлжан" технопаркi (632м <sup>2</sup> )	объект		1
16	Спортзал	ескі автовокзал	объект		1
17	Жабық бассейн	"Мәскеу" ауданы	объект		1
18	Жабық бассейн	Абай атындағы парк	объект	1	
19	Жабық бассейн	ескі қала	объект	2	1
20	Жабық бассейн	ескі автовокзал	объект		1
21	Тау-шаңғысы базасы	кірпіш зауыты	объект		1
22	Спорт кешені	312-атқыштар дивизиясы	объект		1
23	Спорт кешені	ескі қала	объект		1
24	Концерт залы	312-атқыштар дивизиясы	орын		700
25	Авиация және ғарыш мұражайы	әуежай	объект		1
26	Ғылым және техника мұражайы	41-разъезден оңтүстікке қарай	объект		1
27	Темір жол көлігі мұражайы	темір жол вокзалы	объект		1
28	Бейнелері қозғалып тұратын мұражайы бар	"Мәскеу" ауданы	орын		800

	к ө п кинотеатр	залды			
29	Кинотеатр	Абай атындағы парк	орын		500
30	Кинотеатр	ескі қала	объект		2
31	Кинотеатр	"Сазды" ауданы	объект	1	
32	Кинотеатр	"Батыс" шағын ауданы	объект	1	
33	Кинотеатр	"Мәскеу" ауданы	объект		1
34	Емхана	"Мәскеу" ауданы	ауысымда қабылдау		500
35	Емхана	Оңтүстік батыс	ауысымда қабылдау		500
36	Почтамт	"Мәскеу" аудандағы темір вокзалы жаңа жол	объект		1
37	Почта қызметінің бөлімшесі	Заречный кенті	объект		1
38	Почта қызметінің бөлімшесі	Оңтүстік батыс	объект		1
39	Тұрмыстық қамту үйі	"Мәскеу" ауданы	объект		1
40	Қонақ үй	"Мәскеу" ауданы	орын	300	
41	Қонақ үй	әуежай	орын		300
42	Неке сарайы	12-шағын аудан	объект		1

Қалада жалпы білім беретін мектептердің тапшылығының проблемасы неғұрлым сезіледі. Жобада мектептердегі орындар санын қазіргі уақыттағы 41,5 мыңнан 2015 жылға қарай 60 мыңға дейін ұлғайту көзделуде. Емханалардың қуатын күніне қабылдауды 6,5 мыңнан 10,5 мыңға дейін, ауруханалардың сыйымдылығын 2,5 мыңнан 4,05 мың кереуетке дейін жеткізу қажет. Дүкендердің сауда алаңы 47,5 мыңнан 79 мың м<sup>2</sup>-ге өседі, тұрмыстық қамту кәсіпорындарындағы жұмыс орындарының жиынтық саны 890-нан 1560-қа дейін, қоғамдық тамақтандыру орындарындағы отыратын орындар тиісінше 5,4-тен 13,5 мыңға дейін өседі. Демалыс үйлері мен пансионаттардың сыйымдылығын 2015 жылға қарай 2600 адамға дейін, турбазалардың 600-ге дейін, мотельдердің санын 1200 орынға дейін жеткізу белгіленді.

### 1.12. Р е к р е а ц и я

Қарғалы кентінің жанынан жергілікті минералды көздерде санаторий-профилакторий салу жоспарлануда. Бальнеологиялық санаторийді Петропавловка ауылының маңынан құру ұсынылуда.

Заречный кентінен шығысқа қарай сүйек жүйесі ауыратын балаларға арналған санаторий орналастырылады.



Туристік базаларды Ақжар ауылына жақын жерге, Қарғалы су қоймасының жағасына орналастыру белгіленген.

Александровка ауылынан солтүстік-шығысқа қарай қала сыртындағы пансионаттар мен демалыс үйлерін, кемпингтер, мектеп оқушыларына арналған жазғы лагерьлер, демалыс қалашықтарын және балық аулау базасын орналастыру көзделген.

Садовое ауылының маңына мектеп оқушыларының лагерін орналастыру белгіленген.

Жаман Қарғалы өзенінде тек балаларға арналған рекреациялық мекемелер, оның ішінде балалар бақшалары мен бүлдіршіндер үйінің саяжайларын (әрқайсысының сыйымдылығы 2-ден 4 мың адамға дейін бірнеше кешен) орналастыру көзделген.

Ақтөбе су қоймасының жағасында бір күндік демалыс базаларын, пансионаттар, балық аулау базасы мен яхт-клубтар орналастыру белгіленуде.

### **1.13. Жөндеу-қайта құру іс-шаралары**

#### **1. Қала аумақтарын қайта құру**

Аумақтарды және тұрғын үй қорының жай-күйін талдау, сондай-ақ жоспарлау факторларының кешенін есепке алу жалпы алаңы шамамен 166 га аумақтағы тұрғын үйлерді бұза отырып, қайта құру іс-шаралары көзделген үй маңындағы учаскесі бар шағын қабатты тұрғын үйлер басым орналасқан учаскелерді бөлуге мүмкіндік берді.

Бұдан басқа, жалпы алаңы шамамен 780 га аумаққа тұрғын үйлерді бұзбай қайта құру іс-шаралары белгіленді.

#### **2. Тұрғын үй қоры мен әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілерді күрделі жөндеу**

Облыстық сәулет және құрылыс басқармасының деректері бойынша Ақтөбе қаласының күрделі жөндеуді қажет ететін көп пәтерлі тұрғын үй қорының жалпы алаңы шамамен 310 мың м<sup>2</sup> -ді құрайды.

Облыстық әкімдік қабылдаған бағдарламаға сәйкес 2004-2007 жылдары көрсетілген қаржыдан 222,5 млн. теңге, соның ішінде бюджет есебінен - 68,3 млн. теңге игеру жоспарлануда. Осы жылдары 9,1 мың м<sup>2</sup> авариялық тұрғын үйді бұзу қаржыландырылатын болады.

### **1.14. Бірінші кезектегі құрылыс құрылымы**

Қаланың әлеуметтік және көлік-инженерлік инфрақұрылымын дамытуға жұмсалатын инвестициялардың жалпы көлемі құрылыстың I-кезегіне 63 млрд. теңгені құрайды, олардың ішінде тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылыс шамамен 40 млрд. теңге немесе 63 %, ал көлік-инженерлік инфрақұрылымды дамытуға шамамен 13 млрд. теңге немесе 37 % қажет болады.

Қаланы дамытуға бюджет қаражатынан шамамен 23 млрд. теңге (36%) бөлінуге тиіс, олардың ішінде республикалық бюджет қаражатынан - 17,9 млрд. теңге және шамамен 5,1 млрд. теңге жергілікті бюджет қаражатынан. Шамамен 30 млрд. теңге (48 %) халықтың шығынын құрайды.

Қала құрылысына арналған жалпы шығындардағы корпорациялардың үлесі болжам бойынша 10 млрд. теңге (16 %).

## **2. ҚАЛАНЫҢ СӘУЛЕТ-ЖОБАЛАУ ҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ ТҮСІМДІ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Дамудың тарихи ерекшеліктері, табиғи-ландшафттық жағдайлар мен басқа факторлар Ақтөбе қаласының күрделі тарамдалған сәулет-жобалау құрылымын белгілеп берді.

Алғашқы болып саналатын "солтүстік-оңтүстік" білігі бойынша аумақтық дамуға қарағанда бүгінде қаланың жобалау құрылымы "батыс-шығыс" білігі бойынша диаметралды қарама-қарсы дамуы қалыптаса бастады.

Жобалау бағыты Ә.Молдағұлова мен Орск-Хромтау трассалары бойынша негізгі біліктер бойында қалыптасып келе жатқан қаланың осы жобалау құрылымы бас жоспарда мақұлданды және күшейтіле түсуде.

Есепті мерзім шеңберінен тыс әуежайдың ұшу-қону жолағын 68 градусқа бұру қаланы одан әрі дамытудың басты шарты болып табылады, бұл қаланың орталық аймағына қарай тікелей жанасатын аумақты тұрғын үй-азаматтық құрылысқа беруге мүмкіндік береді.

Бас жобалау бағыттар бойынша бос аумақтарды игеруден басқа, қала құрылысын ішкі қайта құру, оның құрылымдық қаңқасын трансформациялау, оның бөліктерінің функционалдық-жобалау және сәулет-көркемдік бытыраңқылығы, қаланың және оның орталығының біртұтас сәулет-жобалау құрылымын және жасау мәселесі Ақтөбенің қала құрылысы жүйесін дамытудағы басым процестер болып табылады.

Құрылымдық қаңқасын қайта ұйымдастыру "Мәскеу" тұрғын үй ауданы аумағы арқылы Әбілхайыр хан, Ағайынды Жұбановтар даңғылдары бойымен қаланың жаңа диаметрін қалыптастырудан тұрады және одан әрі темір жол магистральдары үстінен өтпе жол салу тәсілімен ескі қалаға және Орск-Хромтау бағытындағы магистральдарға шығу жүзеге асырылады.

Жұмыс істеп тұрған темір жол вокзалының базасындағы көп функционалды қоғамдық-көлік орталығы өзінің негізгі функцияларын "Мәскеу" ауданының аумағына көшіргеннен кейін қаланың екі ортақ қалалық орталықтары арасындағы байланысшы көпір болады.

Қалыптасқан аумақтарды қайта құруға, құрылыстарды көбейтуге, жер ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануға, қаланың ортақ орталығы мен оның ұйтқысының аймақтарын одан әрі жандандыра түсуге байланысты ішкі даму процестері басымдылығының қажеттілігін ұғу стратегиялық жағынан маңызды болып табылады.

Бас жоспарда Елек, Сазды өзендерінің жағалаулық аумақтарын түрлендіру, қаланың өзендік қасбеттерін, оның сұлбасын қалыптастыру жоспарлануда. Қалалық демалыс

аймағымен үйлестіре отырып, көп қабатты құрылыстар кешенін қалыптастыру, жағалаулықтарды ұйымдастыру олардың жоғары қала құрылысы құндылығын және инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етеді.

Жасыл желектендірудің дамыған жүйесін қалыптастыру қаланы перспективалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Тұрғындардың денсаулығына химия және металлургия кәсіпорындарының еселеніп келе жатқан әсері Жеңішке өзені жайылмасының бойындағы жасыл белдеулер, Сазды өзені бойындағы қала диаметрі және электік ескі саяжайлар аумағындағы орманпарк аймағы маңызды санитарлық рөл атқарады. Қаланың айналасында орманпаркi белдеуін дамыту бұл міндеттерді толықтыра түседі және қаланы сыртқы ортаның теріс климаттық әсерінен қорғауды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Ақтөбе қаласының функционалдық-құрылымдық жүйесін дамытудың перспективалы моделі қаланың орталығынан басталатын негізгі магистральдың бойына қоныстандыруды дамытудың төрт бағыты түрінде ұсынылуы мүмкін:

аумақтық дамуы өнеркәсіптік мақсаттар үшін ғана көзделген темір жол магистралі бойындағы солтүстік-батыс бағытында. Мұнда тағы да екі ірі өнеркәсіптік кәсіпорынды орналастыру жоспарлануда;

оңтүстік шығыс бағытта қала үлгісіндегі аумақтарды дисперсті орналастыра отырып жиілету және қайта құру белгіленген.

Коммуналдық-қоймалық аумақ ретінде дәстүрлі пайдалану орта және шағын бизнес кәсіпорындарына арналған полигон ретінде дами бастады. Ақтөбе су қоймасының микроклиматтық және эстетикалық ерекшеліктері бұл ауданға тартымдылық жасап тұр.

Әлия Молдағұлова даңғылы мен 101-атқыштар дивизиясы көшесі бойындағы оңтүстік батыс, Орал бағыттарында құрылысқа неғұрлым қолайлы аумақтарда.

Тұрғын үй құрылымдары қалаға қосылатын Қарғалы кентін қоса алғанда, шығыс, Орск-Хромтау бағытында Қарғалы өзені жайылмасының бойындағы көркем жүйені қ ұ р а й д ы .

Жаңа аудандар одан әрі дамытуға ашық сипатта.

Бас магистральдар жүйесі оларға қалаға ортақ орталық жүйемен байланыс жасауды қамтамасыз етеді. Сақиналы магистральдар жүйесі бұл аудандардың қаланың негізгі өндірістік аймақтарымен байланысын қамтамасыз етеді.

Бастапқы жылы қала 29 739 га алаңдағы аумақты алып жатты, оның ішінде құрылыс салынған аумақ - 5717 га, құрылыс жүргізілмеген аумақ - 24022 га.

Құрылыстың 2-кезегі басталарда қала аумағы қала маңындағы аумақтардың қосылуы есебінен 13108 га-ға ұлғаяды және 42847 га-ды құрайды. Қаланың құрылыс жүргізілген алаңы 2008 жылы 6455 га-ды құрайды, ал 2015 жылы - 8849 га, яғни 3132 г а - ғ а ө с е д і .

Қаланың құрылыс жүргізілмеген алаңы 2008 жылы 36392 га-ды, ал 2015 жылы - 33998 га, яғни 9977 га-ға ұлғаяды.

### **3. КӨЛК ҚҰРЫЛЫМЫН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Ақтөбе темір жол торабы Хромтау - Алтынсарин желісінің құрылысы аяқталғаннан кейін елеулі дами түседі, оның арқасында қала еліміздің солтүстік және орталық облыстарына Ресей аумағын кесіп өтпестен шыға алатын болады.

Қаланың көлік байланысы жүйесіндегі тиімді географиялық орналасуы мен қаланың транзиттік әлеуетін дамыту қажеттігі қаланың тұтас құрылымында жұмыс істеп тұрған темір жол вокзалының қала қалыптастырушылық рөлінің өсуші мәнін күшейте түседі. Оның функцияларын қажетті дамыту мүмкіндігінің жоқтығына байланысты ескі қаланың аумағында бас жоспарда темір жол вокзалының маңында оның негізгі қоғамдық-көлік функцияларын темір жол магистралінің екінші жағына Мәскеу ауданына көшіре отырып, көп функционалды қоғамдық-көлік орталығын құру туралы ұсыныс беріледі. Бұл жаңа қалада тұратын тұрғындардың көпшілік бөлігінің вокзалға қол жетімділігін қамтамасыз етуге, қаланың басты көлік ауыстыру орталықтары арасындағы көлік байланысының қазіргі заманғы жүйесін құруға, жалпы алғанда экологиялық ахуалды жақсартуға мүмкіндік береді.

Қалалық деңгейдегі көлік ауыстыру тораптары дами түседі және көлік-коммуникация жүйесінің маңызды түйіндерінде қоғамдық кешендер жүйесін қалыптастырады. Бұл, ең алдымен, жылдам жүретін көлік ауыстырмайтын қалаішілік рельсті көлік станциялары: "Жеңішке", "Абай гүлзары", "Ә.Молдағұлова даңғылы", Автовокзал, Орталық вокзал, "Гастелло көшесі".

Ақтөбе қаласының жандандырылған авиациялық трасса қиылысында ыңғайлы орналасуы жергілікті әуежайды ел экономикасының бүгінгі жандануы кезінде іскерлік мекемелері мен көрме кешендері, кіреберіс темір жолдары бар қойма терминалдары үйлесімінде ірі халықаралық авиациялық орталық маңызына жетеді деп есептеуге мүмкіндік береді және Ақтөбе қаласының жалпықалалық орталықтарының құрылымында маңызды қала құраушы торап болады.

Жобада есепті мерзім шегінен тыс қазіргі жүріп жатқан құрылыстан болатын шу әсерінен болдырмау мақсатында әуежайдың ұшу-қону жолағын 68 градусқа бұру, сондай-ақ осыған байланысты оңтүстік батыс аумақтарды құрылыс үшін қосымша игеру мүмкіндігі ұсынылуда.

Бас жоспарда қалалық және аудандық маңызы бар үзіліссіз, реттелетін қозғалыстың жаңа магистральдарын салу және қолданыстағы магистральдарды қайта құру, сондай-ақ сырттан айналып өтетін көлік сақинасын қалыптастыру көзделуде.

Бас жоспарда дамуы "Мәскеу" тұрғын үй ауданына қарай дамитын Әбілхайыр хан

және Ағайынды Жұбановтар даңғылдарына ерекше мән беріледі, олар жобаланып жатқан өтпе жол арқылы ескі қалаға өтеді және Орск-Хромтау бағытындағы магистральдарына шығады және қаланың батыстан шығысқа қарай бас диаметрін қалыптастырады. Ә.Молдағұлова даңғылы 101-атқыштар дивизиясымен бірге оған көлденең оңтүстіктен солтүстікке қарай көлік бағытын құрайды.

Қала аумағын магистральдық темір жолмен қиылыстыру ескі және жаңа қала арасындағы байланыстар үшін өтпе жолдар салу және қолданыстағыларын қайта құру құрылысын белгіледі. Автосервис жүйесі (автомай құю станциялары, автопаркингтер, гараждар, автомобильдерді сақтауға арналған тұрақтар мен техникалық қызмет көрсету станциялары) кеңінен дамиды.

Қалалық қоғамдық көліктің негізгі түрлері автобус, троллейбус, бағытты таксилер болып табылады.

## **4. ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ ТҮРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **4.1. Сумен жабдықтау және су бөлу**

Су тұтыну есебі Ақтөбе қаласының қазіргі тұрғындары 258,5 мың адамның есебімен (1 мың адамы бар - Новый кентін және 10,5 мың адамы бар Қарғалы кентін ескере отырып) 2008 жылға дейін халқы 300 мың адам құрылыстың бірінші кезегін бөле отырып жасалды.

Шаруашылық ауыз су мақсаты үшін сумен жабдықтау өнеркәсіптік кәсіпорындардың технологиялық мұқтаждарын ескере отырып бекітілген қорлары бар жер асты суы кен орындарынан қабылданды: Елек оң жақ жағалауы және сол жақ жағалаулық су тоғандары, Тамды су тоғаны, Жоғары Қарғалы сол жақ жағалау су тоғаны және Қуандықтыр су тоғаны.

Ауыз су сапасындағы сумен қамтамасыз етудің жалпы мөлшері бастапқы жылы тәулігіне 55895 м<sup>3</sup> құрады, есепті кезеңде судың қажетті шығыны тәулігіне 109010 м<sup>3</sup> белгіленді.

### **4 . 2 . К ә р і з**

Бастапқы жыл бойынша Ақтөбе қаласында су бөлу көлемі тәулігіне 62227 м<sup>3</sup> құрады.

Қолданыстағы және жобаланып жатқан өзінен өзі ағатын коллекторлар мен кәріздік сорғы станциялармен қызмет көрсетілетін арынды құбырлардың жүйесі бар қаланың ағын сулары тазартылған ағындыларды одан әрі ЗПО қайта жаратушы және өндірісті қайтара сумен ашық жабдықтаушы ағындыларды механикалық және толық жасанды биологиялық тазалау ғимараттарына жатқызылады.

### **4.3. Электрмен жабдықтау**

Қазіргі уақытта Ақтөбе қаласының тұтынушыларын электрмен жабдықтау "

Ақтөбеэнерго" ААҚ-ның теңгеріміндегі 110 - 35 КВт жүйесінен орталықтандырылған  
т ү р д е ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Қалада "Ақтөбе ЖЭО" ААҚ мен "Феррохром" ААҚ-ға шоғырланған дербес  
энергетикалық қуаттары бар. Станциялардың қондырылған жиынтық қуаты 207,8  
М В Т - т ы қ ұ р а й д ы .

Қаланың электрлік есепті жүктемесі 1-кезектің кезеңінде 343 МВт-ты (электрді  
тұтыну - 2000 млн. кВт/сағ.) құрайды.

Жобада 1-кезектің кезеңінде мыналар көзделуде:

"Елек" қосалқы станциясындағы моральдық және табиғи тозған жабдықтарды  
алмастыру (2x20 МВА трансформаторларын 2x25 МВА алмастыру);

аттас тұрғын үй шоғырының тұтынушыларын электрмен жабдықтау үшін қуаты (2+  
10 МВА) "Батыс" 110/10 кВ қосалқы станциясын салу. Оны "ПОШ" 110/35/10 кВ  
қосалқы станциясынан қостізбекті ВЛ 110 КВт қоректендіру ұсынылады.

Есепті мерзім кезеңінде мыналар белгіленуде:

- "Новый" және "Кірпіш зауыты" 35/10 кВ қосалқы станциясын кеңейту;  
- "Қарғалы" қосалқы станциясының қолданыстағы трансформаторларын алмастыру  
к ө з д е л у д е .

Қаланың барлық қосалқы станцияларын олардың аумақтарында моральдық және  
зат ретінде тозған жабдықтарды оларды кейін алмастыру үшін кешенді түгендеу  
ж ү р г і з у ж о с п а р л а н у д а .

Қолданыстағы тарату желілерін оларды жобаланып жатқан автожолдардың  
бойынан өтетін трассалардың бөлінген дәліздеріне апару жолымен тәртіпке келтіру  
ойластырылуда.

#### **4.4. Жылумен жабдықтау**

Негізгі көз - ЖЭО. Бұдан басқа, 90 өндірістік және коммуналдық қазандықтар,  
сондай-ақ жылу берудің дербес жүйелері мен жылу беру пештері бар.

Болашақта ЖЭО жылу көзі ретінде қалады. Коттедж үлгісінде жаңа құрылыс  
аудандары дербес жылу көздерінен қамтамасыз етіледі. Жеке құрылыс аудандары газ  
отынды пеш жылуымен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ тозған жылу жүйелерін жаңа технологиялар бойынша дайындалған  
құбырларды пайдалана отырып қайта құру және алмастыру қажет. Көп қабатты  
құрылыс аудандарына қолданыстағы жылу жүйелерінің басты учаскелерін алмастыра  
отырып, жаңа жылу жүйелерін төсеу қажет.

#### **4.5. Газбен жабдықтау**

Ақтөбе қаласын газбен жабдықтау "Бұқара-Орал" магистральды газ құбырынан,  
Жаңажол кен орнындағы мұнайдың ілеспе газынан жүзеге асырылады. Табиғи газбен  
қ а м т а м а с ы з е т у 1 0 0 % - ғ а .

Қазіргі және жаңадан салынып жатқан тұрғын үй аудандарын газбен сенімді  
қамтамасыз ету үшін мұнайдың ілеспе газы Жаңажол кен орнынан газ құбырының

екінші тілінің құрылысы қажет. Болашақта қаланы қамтамасыз ету Ақтөбе облысының өз кен орындарындағы мұнайдың ілеспе газы арқылы ғана жүзеге асырылатын болады.

#### **4.6. Телефон орнату**

2003 жылғы 1 қаңтарға қалалық АТС-ның жиынтық сыйымдылығы 63530 нөмірді құрады. Қаланың барлық АТС араларындағы заттай жалғанған жүйелер SDN сандық жабдығын қондыра отырып, оптикалық-талшықты сақина құрылысы тәсілімен алмастырылды.

Қондырылатын телефондар нөмірлерінің талап етілетін саны құрылыс кезегінің кезеңінде 86500 нөмірді, есепті мерзім кезеңінде - 113500 нөмірді құрайды.

ҚТС сыйымдылығын жобалық мөлшерге дейін жеткізу қолданыстағы АТС кеңейту және жаңаларының құрылысы есебінен көзделуде.

Жобада құрылыстың 1-кезегінде мыналар ұсынылады:

Сазды жобалау ауданының аумағында орналасқан жұмыс істеп тұрған АТСЭ-506, АТСЭ-227 және АТСЭ-23 кеңейту;

АТСЭ 21/22 сыйымдылығын 15000 нөмірге дейін жеткізу; жиынтық сыйымдылығы 12000 нөмір жаңа электронды АТС-1, АТС-2 және АТС-3 салу.

Есепті мерзім кезеңінде қосымша АТС-227 және АТС-3 - 2000 нөмірге, АТС-1 және АТС-22 - 1000 нөмірге, АТС 21/22 және АТС-23 - 4000 нөмірге кеңейту;

АТС-50 сыйымдылығын 10000 нөмірге дейін; АТС 54/56 23000 нөмірге дейін, АТС 51/52 16000 нөмірге дейін және АТС-216 5000 нөмірге дейін жеткізу қажет.

Қалада мыналар белгіленуде:

жаңа тұрғын үй-азаматтық құрылыс бағытында телефон кәрізінің құрылысы; қолданыстағы кабельдік кәрізді төсей түсу; қолданыстағы әуе байланыс жүйелерін телефондық кабельдік кәріздерге кезең-кезеңімен төсеу ойластырылуда.

#### **4.7. Аумақтарды инженерлік дайындау**

Инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларды негізге ала отырып, Ақтөбе қаласын инженерлік дайындау өзіне мыналарды қамтиды:

тік жобалау;

жердің бетіндегі ағындарды бұруды ұйымдастыру;

жасыл екпелерді суғаруды ұйымдастыру;

қала аумағын жер асты суларының басып кетуінен қорғау;

аумақтарды Елек өзені тасқын суларының басып кетуінен қорғау;

Сазды өзенінің арнасын абаттандыру.

**Тік жобалау.** Жобаланатын аумақ салыстырмалы түрде Елек және Қарғалы өзендеріне қарай еңістігі бар тегіс жазықтықтан көрінеді. Тек Елек өзенінің сол жақ жағалауындағы "Жасыл төбе" тұрғын үйлер шоғыры ғана биіктігі 40-тан 45 метрге дейін ауысып отыратын төбешіктің үстінде орналасады.

Жобада ғимараттар, имараттар астында, жолдар мен көшелердің кейбір учаскелерінде іріктемелі тік жоспарлау жүргізу ойластырылуда. Елек өзенінің жайылмалық бөлігінде орналасатын болашағы бар және тасқын сулардың астында қалуға бейім құрылыс учаскелеріне суға батпайтын белдеуге дейін топырақ төсеу б е л г і л е н у д е .

**Жердің бетіндегі ағындарды бұруды ұйымдастыру.** Қала аумағының жер бетіндегі қолайлы еңістері жаңбыр және қар суларын құрылыс учаскелерінен өз бетінше бұруға мүмкіндік береді. Нөсерлі жаңбырлар мен көктемгі қардың еруі кезінде атмосфералық суларды бұру міндеттерін атқарған арық жүйесі арқылы жиналған жер бетіндегі ағындар нөсерлі кәріздің коллекторлары арқылы қағып алынады да олардың бойымен арнайы тазарту имараттарына (нөсерлі сулардың тұндырғыларына) қашыртқыланады.

Тұрғын және мұнай өнімдерінен тазартылған нөсерлі суларды санитарлық қорғалған жасыл екпелерді суаруға ұсынылады. Өсіп-өнбейтін кезеңде тазартылған ағындар 496-77 СН сәйкес өзендер мен ағын суларға қашыртқыланады.

**Жасыл екпелері суғаруды ұйымдастыру.** Жобада суландыру көзі ретінде Елек, Сазды және Ақтөбе су қоймасының суларын пайдалану ойластырылуда.

Суландыруға тұтынылатын судың жалпы көлемі жылына 9,9 млн. м<sup>3</sup>.

Суландыру учаскелеріне суды сорғы қондырғыларының, магистральдық және таратушы суарушы құбырлардың көмегімен беру көзделген.

**Аумақты жер асты суларының басуынан қорғау.** Қаланың қолданыстағы құрылысы ("Мәскеу", "Құрмыш", "Қалалық сүт зауыты" аудандары, 11, 12 шағын аудандары) және Елек және Қарғалы өзендерінің жайылмаларында орналасқан жобаланушы аумақ ішінара жер асты суларының басуына бейім.

Аумақтардың геологиялық құрылымы мен гидрогеологиялық жағдайларының ерекшеліктері қарастырылып отырған аумақтарда тік кәріздеу ұңғылары құрылысының көмегімен судың деңгейін төмендетуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Аумақтарды Елек өзенінің тасқын суларының басуынан қорғау.** Бас жоспардың жобасында қабылданған сәулет-жоспарлау шешімдерінің күшіне қарай Елек өзенінің жайылмасы құрылыстық игеруге жатады.

Көктемгі тасқын кезінде өзеннің жайылмалық бөлігінің судың астында қалуы өзенге тән сипат болып табылады.

Елек өзенінің тасқын суларынан жайылмалық бөлікте орналасқан қала аумағын қорғау үшін жобада құрылыс учаскелерінің аумақтарының белгілерін жоғарылату жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ өзен арнасының бойына салынған қолданыстағы жолдың белгілерін жоғарылату көзделген.

Жобада өзен жағынан құрылыстың жаңа алаңдарында салуға жоспарланған перспективалы жол учаскелерін су басудан қорғау мақсатында үйменің үстіне салу ойластырылған.



**Сазды өзенінің арнасын абаттандыру.** Қаланың құрылысты шегінде ағып жатқан Сазды өзенінің эстетикалық түрі нашар, жазғы уақытта арнадағы су тартылып қалады. Жобада қала аумағының шегінде Сазды өзенінің бойында су қорғау аймағын жасау жоспарлануда. Сазды паркінде арнаны жағалаулық беткейлерді габиондармен қабаттау және өзен бойына жағалаулық жасау жолымен абаттандыру белгіленген. Судың ағындылығын жасау үшін парк аймағындағы арнасында жазғы кезең ішінде Сазды өзенінің арнасына Елек өзенінен құбыр арқылы су беру қарастырылған.

**Ақтөбе қаласының бас жоспарының жобасы бойынша  
негізгі техника-экономикалық көрсеткіштер**

Р / с N	Көрсеткіштер	Өл- шем бір- лігі	Бастапқы жы л 2003 жыл	Бірінші кезек 2008 жыл	Есепті мерзім 2015 жыл
1	2	3	4	5	6
1. Аумақ					
1.1	Қала шегіндегі аумақ, оның ішінде:	га	29738,9	42846,9	42846,9
1.1.1	Тұрғын үй және қоғамдық құрылыстар, олардың ішінде үй маңындағы құрылыс	г а	1 9 4 9 , 5	2 7 2 3 , 8	3 7 9 8 , 9
	2 - 3 қабатты құрылыс т а р	г а	1 1 8 2 , 0	1 7 0 2 , 0	2 3 3 2 , 0
	көп қабатты құрылыстары бар	г а	1 0 4 , 7	1 5 7 , 7	2 3 1 , 0
	көп пәтерлі үйлер	г а	3 2 3 , 8	4 0 3 , 6	4 6 1 , 3
1.1.2	қоғамдық құрылысты көп пәтерлі үйлер	га	339,0	460,5	774,6
	Өнеркәсіптік және коммуналдық-коймалық құрылыс, олардың ішінде өнеркәсіптік құрылыс	г а	1 6 6 3 , 7	1 8 1 3 , 3	2 4 3 5 , 4
	коммуналдық-коймалық құрылыс	г а	6 0 5 , 5	7 5 5 , 1	9 5 4 , 7
1.1.3	Көлік, байланыс және инженерлік коммуникация, оның ішінде сыртқы көлік магистральдық инженерлік жүйелер және құрылыстар	г а	2 1 0 4 , 0	1 9 1 7 , 5	2 6 1 5 , 1
		г а	8 6 2 , 0	8 6 8 , 5	1 5 6 6 , 1
		га	1242,0	1049,0	1049,0

1.1.4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ормандар, орманпарктері)	га	9690,1	9690,1	14999,2
1.1.5	Су қоймалары және айдындары	га	1043,0	1043,0	1085,7
1.1.6	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы, олардың ішінде бағбандық және бақшалық шаруашылықтар	га	2176,0	1518,3	917,4
	ауыл шаруашылығы алабы	га	1256,0	828,3	377,4
		га	920,0	690,0	540,0
1.1.7	Жалпы пайдаланудағы аумақтар	га	1330,3	3204,6	8165,2
	көшелер, жолдар, жағажай өтпелері, жағалау парктері, скверлер, гулзарлар	га	1160,0	2088,4	3217,5
		га	0,5	32,1	1730,2
		га	169,8	1084,1	3317,5
1.1.8	Резервтік, олардың ішінде рекреациялық және өзге де аймақтарды ұйымдастыруға арналған өнеркәсіптік-өндірістік және коммуналдық аумақтарды дамытуға арналған құрылыстық аумақтарды дамытуға арналған	га	2156,0	4755,0	5033,1
			806,0	2800,0	2011,7
			0,0	105,0	1891,4
			1350,0	1850,0	1130,0
1.1.9	Пайдаланылмайтын аумақтар	га	7626,3	16181,3	4096,9

## 2. Тұрғындар

2.1	Қарамағындағы елді мекендерді қоса алғанда тұрғындар саны, оның ішінде барлығы: қаланың өзінің (кент, ауылдық елді мекен), өзге елді мекендер	мың адам	276,7 258,5 18,2	295,0-320,0 275,0-300,0 20,0	325,0-355,0 300,0-330,0 25,0
2.2	Тұрғындардың жас құрылымы: 15 жасқа дейінгі балалар		63,3/24,5	72,5/26,4	84,3/28,1
2.2.1	еңбек етуге қабілетті жастағы тұрғындар		167,8/64,9	179,4/65,2	188,4/62,8
2.2.2	(16-64 жастағы ерлер, 16-62 жастағы әйелдер)				
2.2.3	еңбек етуге қабілетті	мың адам %			

	жастан ересек тұрғындар		27,4/10,6	23,1/8,4	27,3/9,1
2.3	Отбастары мен жалғызбастылар саны, оның ішінде:		4 8 7 0 0	5 2 0 0 0	5 7 0 0 0
2.3.1	отбасы саны жалғыз басты тұрғындар саны	бірлік	13250	15125	18000
2.4	Жұмыс істейтін тұрғындар саны	мың адам	77,0	92,3	114,0
3. Тұрғын үй құрылысы					
3.1	Тұрғын үй қоры	жалпы алаңы	4 4 8 4 , 9	5 4 5 2 , 0	6 6 0 5 , 2 5
3.1.1	оның ішінде: мемлекеттік қорда	жалпы шаршы метр	2 4 9 , 0	3 0 0 , 0	3 5 0 , 0
3.1.2	жеке меншікте		4235,9	5152,0	6255,25
3.2	Жалпы қордан:				
3.2.1	көп пәтерлі үйлерде		2 8 5 9 , 2	3 3 0 9 , 2	3 8 7 0 , 8 5
3.2.2	усадьба типте үйлерде		1376,7	1842,8	2384,40
3.3	70%-дан астам тозған тұрғын үй қоры		19,0	19,0	20,0
3.4	Сақталып отырған тұрғын үй қоры		4484,9	4422,0	5410,9
3.5	Тұрғын үй қорын қабатына қарай				
3.5.1	бөлуге усадыбалы (коттедж түріндегі) шағын қабатты (1-3 қабат) көп пәтерлі		1 3 7 6 , 7	1 8 4 2 , 8	2 3 8 4 , 4
3.5.2	орташа қабатты (4-5 қабат) көп пәтерлі		3 0 6 , 5	4 8 9 , 5	7 3 7 , 9 5
3.5.3	көп пәтерлі		1 9 0 9 , 1	2 0 9 7 , 1	2 3 2 4 , 3
3.5.4	көп қабатты		892,6	1022,6	1158,6
3.6	Тұрғын үй қорының кемуі, оның ішінде:		-	6 2 , 9	4 1 . 1
3.6.1	техникалық жай-күйі бойынша қайта құрылуы		-	1 9 , 0	1 9 , 0
3.6.2	бойынша		-	43,9	22,1
3.7		шаршы.	17,35	19,8	22,0

	Тұрғындардың жалпы алаңмен орташа қамтылуы	м. / адам			
3.8	Жаңа тұрғын үй құрылысы, барлығы	жалпы алаңының шаршы метр		1030,0	1194,35
3.9	Жаңа тұрғын үй құрылысының қабатына қарай салыстырмасы			510,0	563,7
3.9.1	усадьбалық(коттедж түріндегі) шағын қабатты (1-3 қабатты)	-		202,0	267,45
3.9.2	көп пәтерлі орташа қабатты (4-5 қабатты)	-		188,0	227,2
3.9.3	көп пәтерлі	-			
3.9.4	көп қабатты көп пәтерлі			130,0	136,0
4.	Мәдени-ойын-сауық мақсаттағы мекемелер	және	коммуналдық-тұрмыстық		
4.1	Мектепке дейінгі балалар мекемелері, барлығы	орын	6780	6700	7190
4.2	Жалпы білім беретін мекемелер, барлығы		41510	51950	60180
4.3	Емханалар, барлығы	бір күнде қабылдайды	6459	9339	10500
4.4	Ауруханалар, барлығы	кереует	2535	3595	4055
4.5	Сауда кәсіпорындары, барлығы	шаршы м	47547	63065	79266
4.6	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары, барлығы	жұмыс орны	887	1316	1533
4.7	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, барлығы	орын	5498	8582	13490

4.8	Ойын-сауық мәдени мекемелер	орын			
4.8.1	театрлар	объект	1 4 0 4	1 5 7 0	2 0 7 0
4.8.2	клубтар		2 0 0 0	2 4 0 0	3 0 0 0
4.8.3	кинотеатрлар		2 0 0 0	2 5 2 0	4 2 0 0
4.8.4	мұражайлар мен көрме залдары	о - қыр-ман залындағы орын	2	2	6
4.8.5	жалпы қалалық кітапханалар		230	475	600
4.9	Ұзақ уақыт дем алатын орындар				
4.9.1	демалыс үйлері, пансионаттар		-	1 4 5 0	2 6 0 0
4.9.2	туристік базалар		-	3 0 0	6 0 0
4.9.3	мотельдер	орын	-	3 0 0	1 2 0 0
4.9.4	санаторий - профилакторийлер		-	5 5 0	1 0 0 0
4.9.5	мектеп оқушыларына арналған лагерьлер		480	6000	12000
4.10	Коммуналдық қызмет көрсету кәсіпорындары	саны			
4.10.1	өрт сөндіру депосының ғимараты		1 6	5 5	6 0
4.10.2	моншалар	ав-том. объект	1 8	2 5	3 0
4.10.3	химиялық тазалау кәсіпорындары		3	5	8
5. Көлікпен қамтамасыз ету					
5.1	Жолаушылардың қоғамдық көлігі желілерінің қашықтығы, барлығы оның ішінде:	қо-сар-лы жол км	1 1 8 7, 0	1 3 8 8, 3	1 6 8 4, 1
5.1.1	электрлендірілген темір жол троллейбус		25,0	52,0	100,0
5.1.2	автобус	км	1162,0	1336,3	1568,1
5.2	Магистральдық көшелер мен жолдардың қашықтығы оның ішінде:				
5.2.1	жалпы қалалық маңызы бар магистральдар		1 8, 8	2 1, 6 2	2 5, 3 8

5.2.2	аудандық маңызы бар магистральдар өндірістік жолдар	км	5 4 9 , 2	6 3 1 , 5 8	7 4 1 , 4 2
5.2.3			16,5	19,8	22,28
5.3	Сыртқы көлік оның ішінде темір жол, соның ішінде жолаушылар жүк, әуе, оның ішінде жолаушылар	жылына/мың жолаушымың т./жыл	8 3 7 , 0 1 3 2 6 , 4 4 2 , 5 6 2 , 1	1 0 4 4 , 4 3 3 1 5 , 0 5 3 , 1 2 7 7 , 6 2	1 1 3 0 , 0 1 9 7 3 , 4 5 9 , 5 0 8 3 , 8 4
5.3.1					
5.3.2					
5.3.3	жүк автомобиль, оның ішінде	жылына/мың жолаушымың т./жыл			
5.3.4	жолаушы жүк Құбыр : жүк	жылына/мың жолаушымың т./жыл	8 1 5 4 , 2 4 6 0 0 4,5	1 0 4 2 9 , 0 6 9 0 0 10,0	1 1 1 9 9 , 0 1 0 3 5 0 15,0
5.4	Көше-жол жүйесінің жиілігі	км/шаршы км	10,06	8,77	10,08
6. Инженерлік жабдықтар					
6.1	Су тұтыну				
6.1.1	ауыз су оның ішінде тұрғындардың су	м <sup>3</sup> / тәулік	5 5 8 9 5 20,40	5 9 4 6 3 21,70	1 0 9 0 1 0 3 9 , 7 9

	т ұ т ы н у ы өнеркәсіп	млн. м <sup>3</sup> / жыл	4 1 3 6 0 1 5 , 1 0 1 2 4 7 0	4 8 3 9 0 1 7 , 6 6 1 3 2 6 6	9 0 6 0 0 3 3 , 0 7 1 5 9 5 0
	а) ауыз су	м <sup>3</sup> /	4 , 5 5	4 , 8 5	5 , 8 2
	б) техникалық су	тәу- лік млн. м <sup>3</sup> / жыл	3 8 0 8 0  1 3 , 9 0	4 0 5 1 0 1 4 , 7 9	5 1 4 9 0  1 8 , 7 9
6.1.2	салыстырмалы су тұтыну бойынша) (ауыз су)	л/тә-у- лік/ адам		216	363
			207		
6.2	Су бөлу				
6.2.3	тұрғындардың шаруашылық- тұрмыстық ағындылар	м <sup>3</sup> / тәу- лік млн. м <sup>3</sup> / жыл	4 1 3 6 0  1 5 , 1 0	4 8 3 9 0  1 7 , 6 6	8 1 5 4 0  2 9 , 7 6
		м <sup>3</sup> / тәу- лік	2 0 8 6 7	2 2 9 5 0	2 3 5 9 5
6.2.4	өндірістік кәсіпорындардың өндірістік ағындылар	млн. м <sup>3</sup> / жыл	7 , 6 2	8 , 3 8	8 , 6 1
6.2.5	салыстырмалы су бөлу	л / тәу- лік/ адам	230	259	350
6.3	Электрмен жабдықтау				
6.3.1	Жиынтық электр жүктемелері оның ішінде тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, сыртқы жарық өндірістік, көлік және өзге кәсіпорындар	МВт	2 8 5 , 5  1 0 5 , 5  180,0	3 4 3 , 0  1 3 5 , 0  208,0	3 9 9 , 6  1 6 9 , 6  230,0
6.4	Телефон орнату				
6.4.1	Телефон нөмірле- рінің саны	дана	63530	86500	113500
6.5	Жылумен жабдықтау				

6.5.1	Орталықтандырылған көздер қуаты, барлығы оның ішінде ЖЭО оқшауланған көздер қуаты	МВт	2 2 1 0 1 6 1 0 600	2 8 9 0 2 2 1 0 680	2 9 3 5 2 2 1 0 725
6.5.2	Жылытуға пайдалану, барлығы оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге өндірістік қажеттіліктерге		1 0 1 5 6 8 0 335	1 2 8 5 8 8 0 405	1 5 4 0 1 1 0 5 435
6.5.3	Ыстық суды пайдалану, барлығы оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге өндірістік қажеттіліктерге		1 1 5 8 3 32	1 3 5 9 5 40	1 5 0 1 0 5 45
6.6	Газбен жабдықтау				
6.6.1	Сұйытылған газды пайдалану, барлығы оның ішінде тұрғындардың жеке тұрмыстық қажеттіліктерге және тұрғын үйлерде жергілікті газбен жылытуға, коммуналдық-тұрмыстық сектор өнеркәсіптік кәсіпорындардың жылу көздері жалпы қуаты 1 3 0 М в т газтурбиналы электр станциялары	млн. м <sup>3</sup> / жыл	7 6 9 , 8 5 6 , 0 3 , 8 4 0 5 , 0 305,0	8 8 6 , 2 6 5 , 0 1 1 , 2 5 0 5 , 0 305,0	1 0 2 5 , 0 9 0 , 0 1 5 , 0 6 0 0 , 0 320,0
6.7	Аумақтарды инженерлік дайындық				
6.7.1	Жер жұмыстары топырақты кесу топырақ төгу	мың м <sup>3</sup>	- -	9 0 0 , 0 225,0	5 0 0 , 0 4850,0



6.7.2	Желілердің:				
	жабық нөсер		10,60	2,75	35,0
	кәрізінің ашық	км			
	арық жүйесінің		33,43	60,0	305,0
6.7.3	арынды нөсер		1,47	4,0	9,4
	коллекторларының		4,0	9,0	70,0
	арынды суғару				
	кұбырларының				
6.7.4	қашықтығы				
	Құрылыстар нөсер		3	5	6
	сулардың сорғы		-	2	4
	станциялары	дана	-	1	1
6.7.4	суғару суымен		-	5	20
	жабдықтау				
	тік дренаж				
	ұңғымасының нөсер				
6.7.4	суларының				
	тұндырмалары				
	Жағалауды бекіту				
	жұмыстары				
6.7.4	Сазды өзенінің		-	2,0	-
	арнасы		9,25	-	23,5
	судан қорғайтын		-	-	1,25
	жер	км	-	-	10,5
6.7.4	бөгеттер				
	Елек өзенінің				
	ылдиын бекіту				
	өзендердің				
6.7.4	арнасын ретке				
	келтіру				